

Геофизикалық зерттеулер жүргізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 23 қыркүйектегі N 936 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.

Каспий теңізі айлағында мұнай мен газ қорының келешегін бағамдау бағдарламасын іс жүзінде жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Каспий теңізінің қорық аймағында айрықша экологиялық жағдайларды ескеріп, көмір сутегі шикізатына геофизикалық зерттеулер, геологиялық барлау жүргізуге және өндіруге рұқсат етілсін.

2. "Қазақстанкаспийшельф" мемлекеттік компаниясы Каспий теңізінің Қазақстан жағын игеру аймағында геофизикалық жұмыстармен бірге инженерлік-экологиялық зерттеулер жүргізсін және бұл деректерді айналадағы ортаға ықпал жасалуын бағамдау үшін пайдалансын.

3. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде қорық аймағын жариялау туралы" 1974 жылғы 30 сәуірдегі N 252 қаулысымен (Қазақ ССР ҚЖ, 1974 ж., N 10, 43-бап) бекітілген Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі қорық аймағы туралы Ереженің 5-тармағы мынадай мазмұндағы "д" тармақшасымен толықтырылсын:

"д) айрықша экологиялық жағдайлар ескеріліп, көмір сутегі шикізатына геофизикалық зерттеулер, геологиялық барлау жүргізуге және өндіруге".

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі